

Жүзінен жылұлық ескен

Көпті көрген ана, «Алтын алқа» иегері - Дәмежан Досмағамбетқызы

Дәмежан Досмағамбетқызы 1928 жылдың 14 қазанында Тасовка ауылында дүниеге келген. Бүгінде тоқсанның төртеуінен асқан, бақытты ана, аяулы әже. Жүзінен жылұлық ескен мейірімді жан.

Марқұм Жұбайы Ерғалиев Төлеу 1922 жылы 25 шілдеде Введен ауылының Ораз ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының қатысушысы. 1945 жылы туған жерге аманесен әрі үлкен жеңіспен оралған атамыз өмірінің соңына дейін мұғалімдік қызмет атқарған. «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» демекші, ол ұстаздық етуден жалықпай, шәкірт тәрбиелеу ісіне жан тәнімен берілген маман екенін дәлелдеді. Еңбек жолында көп жетістіктерге қол жеткізген жан. Айта кетсек, 1957 жылы «Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі» атағын иеленді.

Әжеміз жұбайы Төлеу атамызбен бірге бақытты да, баянды ғұмыр кешіп, перзенттерін қатарынан қалдырмаған көрінеді. Алтын құрсақты ана бүгінгі таңда 9 баладан 16 немере, 8 шөбере сүйіп, қызығын қызықтауда. Балаларының



барлығы өз шаңырақтарының иелері. Бүгінде әжей кенжесі Ақан мен келіні Майрамен бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешуде. Ұлы мен келіні аналарының тілін тауып, барлық жағдайын жасауда.

Қарт ананың жүрген жақсы жолы мен өмірі жайлы ұлы мен қызы баяндап берді.

- Анамның ұзақ жасауы-

ның басты сыры – ешкімнің ала жібін аттамай, тура жолмен жүруінде деп білемін. Нанын адал еңбекпен тауып, өмір бойы адалдық пен адамгершілікті басты орынға қойған жан. Бүгінде анамыздың көрген қиындықтарының барлығы артта қалып, азаттықтың ақ таңында ұл-қыздары, немере-шөберелерімен бірге бақытты да, баянды ғұмыр

кешуде.

Анамның барлық жағдайын жасап, бүгінде қолын ыстық суға салып, жылы тамағын алдына тосып, көңілін тауып отырған Ақан інімнің жан жары. Келінімізге анамызда, бізде ризамыз.

Анамның бүгінгі тілегі, перзенттерінің амандығы мен еліміздің тыныштығы, - деді қызы Тоғжан.

Дәмежан Досмағамбетқызы бейнеттің зейнетін көріп отырған жан. Бүгінде отбасының ұйытқысы. Түскен әулетінің әр уақыт берекесін келтірсе, бүгінде тілеуін тілеуде. Өз енесінен білгенін өз келіндеріне үйретіп, қазіргі таңда рахатын көруде.

Ардақты ана ақылы бола білген шаңырақта, ажырамас бірлік бар екенін аңғардық. Перзенттерінің барлығы ана ақылы мен тәрбиесін көріп өсіп, әкеден көргендерін ұмыт қалдырмауда. Берекесі мен бірлігі жарасқан Ерғалиевтар әулетінің көпке өнеге бола білуі әке мен ананың салған дұрыс жолында.

Мереке мен демалыс сайын балалары мен немере-шөберелері қара шаңыраққа жиналып, аяулы әжелерінің ыстық құшағымен кездесіп, көңілін аулайды. Бұл күнде дастархан жайылып, бір үйдің балалары қара шаңырақта бос қосатын көрінеді.

- Анам 1971 жылы Совет одағының «Мать героиня» атағын алған. Кейіннен өзіміздің Қазақстан Республикасының марапаты «Алтын алқаны» кеудесіне тақты. Әкем екеуі бізді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірді. Барлығымызға жоғары білім беруге тырысты. Әкеміз тірі болғанда биыл 100 жасқа толар еді.

Биыл, барша туған –

туыс пен әкеміз бен анамыздың замандастарын жинап, әкеміздің рухына арнап Құран бағыштап, дастарханымызды жайдық. Өмірдің қиыны мен қуанышың бірге көріп, бірге бақытты ғұмыр кешкен әкеміз бен анамыз бізге әрқашан үлгі. Сол кісілерге қарап бой түзеп келеміз. Қазір бізде өз отбасымыздың иелеріміз. Барлығымыздың мақсатымыз – ата-анамыздың атына кір келтірмеу,- дейді кенже ұлы Ақан.

Иә, өмірде ұзақ жасау үшін байлық та, басқа да қажет емес екен. Кейіпкеріміздің өмір өткелдерінен көкейге түйгеніміз – қолда бардың қадірін біліп, ба-сыңдағы бағынды бағаласаң, жарқын күндердің есігі де айқара ашылатынын түсіндік.

Бүгінде балаларының, немере-шөберелерінің ортасында гибратты да бақытты тірлік пен көпке үлгі көрсетіп отырған әжейде елдің тыныштығы мен бірлігін, ұрпақтарының амандығын тілейді.

Бір ғасырға жуық өмір сүріп келе жатқан әжеміз әлі де талай тойға барып, халыққа ақ батасын беретініне сенімдіміз. Алла тіл көзден сақтап, қажыр-қуатыңыз ортаймасын деген ақ тілегімізді білдіреміз.

Ақжан
БАЙТҮРСЫНОВА